

**Текелі қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 28 наурыздағы N 109 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысының Текелі қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы N 5 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Текелі қаласының әділет басқармасында 2010 жылы 03 наурызда N 2-3-76 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 65 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің  
26.03.2014 № 65 қаулысымен.  
Р Қ А О ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28 бабына сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Текелі қаласының әкімдігінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 2007 жыл 28 наурыздағы N 109 (Текелі қаласының әділет басқармасында нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылдың 16 сәуірдегі 2-3-30 нөмірімен тіркелген қалалық "Текелийский рабочий" газетінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі 16 нөмірінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) 1-тармағындағы "5000 (бес мың) теңге 1 (бір) тоннаға" сөздері алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Текелі қаласының әкімі*

*С. Бескемпіров*